

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау туралы Келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1996 жылғы 2 шілдедегі N 17-І

1996 жылғы 16 қантарда Алматыда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды өзара көтермелеу және қорғау жөніндегі Келісім бекітілсін.

*Қазақстан*

*Республикасының*

*Президенті*

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы инвестицияларды ынталандыру және өзара қорғау туралы  
Келісім**

(1999 жылғы 3 сәуірде күшіне енді - KP СИМ-нің ресми сайты)

**Kіріспе**

Бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі, екі Уағдаласушы Тараптар арасындағы экономикалық ынтымақтастықты нығайтуды және кеңейтуді көздей отырып;

екінші Уағдаласушы Тараптың аумағындағы Уағдаласушы Тараптардың бірінің инвесторларының инвестициялары үшін қолайлы жағдайларды жасауға және қолдауға н и е т б і л д і р е о т ы р ы п ;

екінші Уағдаласушы Тарап аумағындағы Уағдаласушы Тараптың бірінің инвесторларының инвестицияларын ынталандырудың және қорғаудың қажеттігін м о й ы н д а й о т ы р ы п ;

Төмендегілер жөнінде келісті:

**1-бап**

**Анықтамалар**

Осы Келісімнің мақсаты үшін:

1. "Инвестиция" термині меншіктің немесе Уағдаласушы Тараптың бірінің

инвесторларының екінші Уағдаласуши Тарап аумағындағы инвестицияланған, төменде келтірілген активінің кез келген түрін білдіреді:

а) жылжымалы және жылжымайтын мұлік, сондай-ақ меншікке қатысты құқықтар;  
б) акциялар немесе компанияларда қатысадын кез келген түрі, сондай-ақ соларға  
бағланысты

құқықтар;

в) ақшаға немесе экономикалық құны бар кез келген іс-қимылдарға құқықтар;  
г) өнеркәсіптік және интеллектуалдық меншік құқықтары, патенттер, өнеркәсіптік  
дизайндар немесе үлгілер, сауда немесе қызмет көрсету белгілері, сауда атаулары,  
н о у - х а у

ж е н е

" г у д в и л " ;

д) занға, контрактіге сәйкес немесе өкімет органдың шешіміне байланысты табиғи  
ресурстарды барлау, өндіру және пайдалану зандарына сәйкес құқықтар, сондай-ақ  
кәсіпорынның басқа да құқықтары;

е) табыстарды реинвестициялау.

2. "Инвестор" термині Уағдаласуши Тараптың кез келгеніне қатысты мынаны  
білдіреді:

а) осы Уағдаласуши Тараптың заңына сәйкес оның азаматы болып саналатын жеке  
тұлға ;

б) осы Уағдаласуши Тараптың заңына сәйкес құрылған, осы Уағдаласуши  
Тараптың аумағында орналасқан жері бар және осында өзінің іс жүзіндегі қызметін  
жүзеге асыруши, екінші Уағдаласуши Тараптың аумағында инвестициялап жатқан  
заңды

тұлғалар .

3. "Табыстар" термині мынаны білдіреді: жүзеге асырылған инвестициялардың  
нәтижесінде немесе соларға байланысты ақшалай немесе заттай нысанда, табысты,  
дивидендтерді, кәсіпорынды басқару үшін сыйақыны, техникалық қызмет көрсетуді  
және кез келген заңды табыстарды қоса алғандағы қаражаттарды білдіреді.

4. "Аумак" термині екі Уағдаласуши Тарапқа қатысты мынаны білдіреді:  
Уағдаласуши Тараптардың заңды құқығы жүретін және олар өздерінің егемендік  
құқықтарын жүзеге асыратын аумактар, сондай-ақ тиісінше олардың теңіз аумактары  
кіреді.

## 2-бал

### **Инвестицияларды көтермелеу**

1. Уағдаласуши Тараптың әрқайсысы өзінің азаматтары үшін инвестиция  
мақсатында екінші Уағдаласуши Тараптың аумағында қолайлы жағдайларды  
ынталандырады

ж е н е

жасайды .

2. Уағдаласуши Тараптың әрқайсысы екінші Уағдаласуши Тараптың азаматтары  
үшін өзінің аумағындағы инвестиция мақсатында қолайлы жағдайларды  
ынтыландырады және жасайды.

### **3-бап**

#### **Инвестицияларға рұқсат ету**

1. Уағдаласуши Тараптың әрқайсысы өз аумағында өзінің зандарына және нормативтік актілеріне сәйкес екінші уағдаласуши Тарап инвесторларының инвестицияларын қабылдайды.

2. Егер кез келген Уағдаласуши Тарап өз аумағында инвестицияларды қабылдайтын болса, онда ол осындай инвестициялауды тиісті жүзеге асыру үшін барлық қажетті рұқсаттарды береді.

### **4-бап**

#### **Инвестицияларды қорғау**

1. Уағдаласуши Тараптардың бірінің инвесторларының екінші Уағдаласуши Тарап аумағының шектерінде осы соңғының зандарына және нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылған инвестициялары екінші Уағдаласуши Тараптың аумағында толық занды қорғауды және осындай сәйкес жағдайда тұрған кез келген үшінші мемлекеттің инвесторларына жасалатын режимнен қолайлылығы кем болмайтын әділ режим .

2. Егер Уағдаласуши Тараптардың бірі еркін сауда аймағын, кедендік одақты, ортақ рынокты немесе кез келген осыған ұқсас аймақтық ұйымды құру туралы келісімнің негізінде немесе қоса салық салуды болдырмау туралы келісімнің негізінде кез кезген үшінші мемлекеттің инвесторларына ерекше артықшылықтар жасайтын болса, онда ол мұндай артықшылықтарды екінші Уағдаласуши Тараптың инвесторларына жасауға міндетті болмайды.

### **5-бап**

#### **Мейлінше қолайлы жағдайлар**

1. Осы Келісімде аталған жағдайларға қарамастан кез келген Уағдаласуши Тараптың екінші Уағдаласуши тарап инвесторымен келісілген немесе келісуі мүмкін мейлінше қолайлы жағдайлары да қолданылады.

2. Егер Уағдаласуши Тараптың бірінің зандарындағы немесе халықаралық зандарға сәйкес Уағдаласуши Тараптардың арасында пайда болған қазір бар жағдайлардағы екінші Уағдаласуши Тарап инвесторларының жүзеге асырған инвестицияларына қатысты жалпы түрде немесе егжей-тегжейлі қосымша реттеулерде осы Келісімде көзделгеннен мейлінше тиімдірек режим болса, онда мұндай реттеулер солардың мейлінше тиімдірек көлемінде осы Келісіммен салыстырғанда басымдыққа ие болады.

## **6-бап**

### **Экспроприация және өтемақы**

1. Уағдаласуши Тараптардың бірінің инвесторларының инвестициялары экспроприацияланбайды, мемлекет меншігіне алынбайды немесе кемсітпеушілік негізде, заңды процедураларына сәйкес және дер кезінде тиімді және әділ өтемақы төленетін уақытқа дейінгі мемлекеттік мұқтаждықтарды қоспағанда, екінші Уағдаласуши Тараптың сипаты осыған үқсас тікелей немесе жанама шаралары қ о л д а н ы л м а й д ы .

2. Инвестициялардың экспроприациясы үшін өтемақы экспроприация жүзеге асырылар немесе бұл туралы мәлім болардың алдындағы инвестициялардың бағасына сәйкес б о л у ғ а т и і с .

3. Өтемақыны төлеуді кідірткен жағдайда инвестор мен қабылдаушы Тарап келіссөздер жүргізеді және халықаралық практикаға сәйкес инвесторға өтемақы тағайындалған күннен төлем күніне дейін мерзімі өтіп кеткен кезең үшін қаржылық өтемақының көлемін келіседі.

## **7-бап**

### **Шығындардың есесін толтыру**

Екінші Уағдаласуши Тараптың аумағындағы соғыстың немесе кез келген басқа қарулы жанжалдың, революцияның, төтенше жағдайдың немесе көтерілістің жай-күйінен немесе осыған үқсас оқиғалардың салдарынан Уағдаласуши Тараптың әрқайсысының инвесторларының шығын шеккен инвестицияларына меншікті инвесторларына немесе кез келген үшінші елдің инвесторларына өтемақыға, реституцияға, осындай шығындардың есесін толтыруға қатысты жасалатын режимнен қолайлылығы кем болмайтын режим жасалады.

## **8-бап**

### **Репатриация және аудару**

1. Уағдаласуши Тараптың әрқайсысы оның аумағында немесе оның шектерінен тыс жерлерде Уағдаласуши Тараптардың заңдарында белгіленген процедураларға сәйкес еркін және негізі жоқ кейінге қалдырусыз жасалуға тиіс инвестицияларға қатысты аударымдардың барлығын жүргізуге өз еркімен кепілдік береді. Мұндай аударымдарға м ы на л а р к і р е д і :

а ) т а б ы с т а р ;

б) қабылданған инвестициялардың қандай да бір бөлігін сатудан немесе жоюдан а л ы н ғ а н п а й д а ;

в) 6 және 7-баптарға сәйкес өтемақы;

г) кредит келісімдері бойынша төлемдер, сондай-ақ интеллектуалдық және өнеркәсіптік меншік құқықтарына байланысты есесін толтыру, басқаруға беру келісімдері жөнінде, техникалық және қызмет көрсету келісімдері жөніндегі төлемдер;

д) Уағдаласушы Тараптардың бірінің екінші Уағдаласушы тарап аумағындағы инвестицияларға қатысты жұмыстарды жүргізуге арнайы рұқсат алған азаматтараты алатын жалақы, табыс және сыйақының кез келген басқа түрлері;

е) инвестицияға қатысты даулардан туындайтын төлемдер.

2. Аударымдар дер кезінде еркін өтімді валютада және аударым күніне қарай құші бар ресми валюта бағамы бойынша жүргізілуге тиіс.

## **9-бап**

### **Суброгация**

1. Егер Уағдаласушы Тараптардың бірінің инвесторының инвестициялары осы Уағдаласушы Тараптың сақтандыру компаниясының заңдарында белгіленген жүйеге сәйкес коммерциялық емес талаптарға қарсы сақтандырылса, сақтандырушының сақтандыру келісім шарттарының нәтижесінде пайда болған кез келген суброгациясын екінші Уағдаласушы Тарап тануға тиіс.

2. Мұндай сақтандырушының оған берілген құқықтардан басқа кез келгенін жүзеге асыруға құқығы жоқ.

3. Уағдаласушы Тараптардың бірінің және осындай сақтандырушымен арасындағы даулар осы Келісімнің 11-бабының ережелеріне сәйкес реттелуге тиіс.

## **10-бап**

### **Міндеттемелерді сақтау**

Уағдаласушы Тараптың әрқайсысы өзінің екінші Уағдаласушы Тарап инвесторларының инвестицияларына қатысты қабылдаған міндеттемелерін сақтауга үнемі кепілдік беруге тиіс.

## **11-бап**

### **Уағдаласушы Тараптардың бірінің және инвестордың арасындағы даулар**

1. Уағдаласушы Тараптың және бір немесе одан көп инвесторларының арасында инвестицияларға қатысты кез келген даулар пайда болған жағдайда Уағдаласушы Тарап және инвестор(лар) алдымен осы мәселені консультациялар немес келіссөздер жүргізу жолымен реттеуге тырысуға тиіс.

2. Егер Уағдаласушы Тарап және аталған инвестор(лар) дау Тараптарының бірінің дауларды реттеу жөнінде келіссөздер жүргізу туралы жазбаша мәлімдеме жасаған

күнінен соң 6 ай ішінде келісімге келе алмаса, онда дау кез келген Уағдаласуши Тараптың немесе инвесторлардың өтініші бойынша занға және ережелерге сәйкес үш мүшеден тұратын Төрелік соттың қарауына берілуге тиіс. Уағдаласуши Тараптардың әрқайсысы және инвестор(лар) бір-бір төрешіден тағайындауды және бұл екі төреші төрағаны тағайындауға тиіс.

3. Төрелік процедураны жүргізуді бастаған кез келген Уағдаласуши Тарап немесе инвестор(лар) төрелікті өткізу жөнінде өзінің төрешісін тағайындауды. Егер Уағдаласуши Тарап немесе инвестор(лар) төрелік процедураны өткізу жөнінде өтініш алған сәттен бастап 30 күн ішінде өзінің төрешісін тағайындауда, аталған төрешіні Уағдаласуши тараптың немесе инвестордың(лардың) өтініші бойынша мүмкін жолы ретінде тұрақты төрелік соттың Бас Хатшысы тағайындауға тиіс болады.

4. Егер екі арбитр төрағаны сайлау жөніндегі екінші арбитр тағайындалған сәттен бастап 60 күннің ішінде келісімге келе алмаса, онда соңғысын (төрағаны) әрбір Уағдаласуши Тараптың немесе инвестордың (лардың) өтініші бойынша тұрақты төрелік соттың бас хатшысы тағайындауға тиісті.

5. Төрелік соттың төрағасы өзінің тағайындалар сәтінде екі Уағдаласуши Тараппен де дипломатиялық қатынасы бар мемлекеттік өкілі болуға тиісті.

6. Төрелік процедура Унситрал ережелерімен сәйкес жүргізілуге тиісті.

7. Төрелік жүргізілетін орын - Париж.

8. Сот шешімдері Уағдаласуши Тарап пен инвестор(лар) үшін түпкілікті және міндетті болып табылады.

## 12-бап

### **Уағдаласуши Тараптар арасындағы даулы мәселелерді шешу**

1. Уағдаласуши Тараптар арасында осы келісімді түсіндіруге немесе қолдануға қатысты кез келген даулы мәселелер туындаған жағдайда Уағдаласуши Тараптар оларды алдымен консультациялар немесе келіссөздер өткізу жолымен шешуге тырысуы тиіс.

2. Егер Уағдаласуши Тараптар келіссөздер өткізу туралы дауласуши тараптардың біреуіне жазбаша мәлімдегеннен кейін 12 айдың ішінде келісімге келе алмаса, онда дау кез келген Уағдаласуши Тараптың өтініші бойынша оның зандары мен ережелеріне сәйкес үш адамнан тұратын төрелік соттың қарауына берілуге тиісті. Әрбір Уағдаласуши Тарап бір арбитр тағайындауды және бұл екі арбитр өзінің тағайындалар сәтінде екі уағдаласуши Тараппен де дипломатиялық қатынасы бар үшінші мемлекеттік азаматы болуға тиісті төрағаны тағайындауды.

3. Төрелік сот процедурасын бастаған Уағдаласуши тарап төрелік сот өткізуғе берген тапсырысында өзінің арбитрін тағайындауды. Егер екінші Уағдаласуши Тарап

төрелік сот процедурасын өткізу тапсырысын алған сәттен бастап 30 күннің ішінде өзінің арбитрін тағайындалмаса, арбитр төрелік сот процедурасын бастаған Уағдаласуши Тараптың Халықаралық Сот Президентіне жасаған өтінішімен сәйкес

тағайындалуға тиіс.

4. Егер екі арбитр төрағаны сайлауға қатысты екінші арбитр тағайындалған сәттен бастап 60 күннің ішінде келісімге келе алмаса, онда бұл төрағаны кез келген Уағдаласуши Тараптың өтініші бойынша Халықаралық Соттың Президенті

тағайындауға тиіс.

5. Егер осы баптың 3 және 4-параларында көрсетілген жағдайда Халықаралық Сот Президентінің аталған міндettі атқаруға мүмкіндігі болмаса немесе ол Уағдаласуши Тараптардың кез келгенінің азаматы болып табылатын болса, онда тағайындауды Халықаралық Соттың Вице-Президенті жүзеге асыруға тиіс, ал егер Вице-Президенттің де аталған міндettі атқаруға жағдайы келмесе немесе ол да Уағдаласуши Тараптардың кез келгенінің азаматы болып табылатын болса, онда тағайындауды Уағдаласуши Тараптардың кез келгенінің азаматы болып тыбалмайтын Халықаралық Соттың ең жоғары лауазымды біреуі жүзеге асыруға тиісті.

6. Сот екі Уағдаласуши Тараптың да макұлдаған ережелерімен сәйкес өз процедуры мен төрелік сот орынын белгілейді.

7. Әрбір Уағдаласуши Тарап өзінің Сот мүшесінің немесе оның төрелік сот тергеулеріндегі өкілдігі бойынша шығындарын өтейді;

Төрағаның шығындарын және басқа да шығындарды екі Уағдаласуши Тарап тендей бөліп көтереді. Алайда Сот өз шешімімен екі Уағдаласуши тараптың шығындардың әртүрлі үлесін төлейтін етіп тағайындей алады. Сот өз процедурасын өзі белгілейді.

8. Сот шешімдері Уағдаласуши Тараптар үшін түпкілікті және міндettі болып табылады.

## 13-бап

### Күшіне енуі

Осы Келісім Уағдаласуши Тараптардың біреуі екінші Уағдаласуши тараптың соңғы бекіту грамотасын алған күннен бастап күшіне енеді және міндettі болып табылады.

## 14-бап

### Тұзетулер

Осы Келісімнің мәтініне тұзетулер тек Уағдаласуши Тараптардың жазбаша келісімі алынғаннан кейін ғана енгізіле алады. Мұндай тұзетулер осы Келісімнің 13-бабында көрсетілген барлық процедуralар аяқталған соң ғана күшіне енеді.

## **15-бап**

### **Қолданылу мерзімі және оның тоқтатылуы**

1. Осы Келісім 10 жыл бойғы кезеңде қала береді және осы баптың 2-парасына сәйкес оның қүші тоқтатылғанша қүшінде қала беретін болады.

2. Кез келген Уағдаласуши тарап бастапқы 10 жылдық кезеңінің аяғында немесе осы кезең аяқталғаннан кейін кез келген басқа уақытта екінші Уағдаласуши тарапқа осы Келісімнің қолданысын тоқтатқысы келетіні туралы бір жыл бұрын жазбаша мәлімдеме беруге құқылы.

3. Осы Келісімнің қолданысы тоқтатылған сәтке дейін жасалған немесе алынған инвестицияларға қатысты осы Келісімнің барлық басқа баптарының ережелері осы Келісім қолданысы тоқтатылған сәттен бастап қосымша 10 жыл кезең ішінде қүшін сақтауға тиіс.

Осыны куәландыру ретінде өз үкіметтерінен ресми өкілеттік алған төменде қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

\_\_\_\_\_ қаласында 199 \_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_" қазақ, парсы және ағылшын тілдерінде жасалды, барлық мәтіндердің де сәйкестігі бірдей. Осы Келісімнің мәтіндерін түсіндіруде пікір алшақтығы туған жағдайда ағылшын мәтіні басым қүшке ие болып табылады.

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Иран Ислам Республикасының

Үкіметі үшін

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам  
Республикасының Үкіметі арасындағы Инвестицияларды  
ынталандыру және өзара қорғау жөніндегі  
келісімге қол қою**  
**Хаттамасы**

Уағдаласуши Тараптар осы Келісімнің ажырағысыз бөлігі болып саналатын мына төмендегі ережелерді қабылдауға келісті:

Иран Ислам Республикасына қатысты 1-1 және 3-1, сондай-ақ осы Келісімнің қалған барлық Баптарында аталатын "инвестициялар" термині тек қана "Иранда Шетелдік инвестицияларды тарту және қорғау туралы заңға" және осы заңмен сәйкес қабылданған нормативтік актілерге немесе аталған заң негізінде қабылданған заңдар мен актілерге сәйкес Иран Ислам Республикасының аумағында қабылданатын және тіркелетін инвестицияларға ғана қолданылады.

Қазақстан Республикасы инвесторларының инвестициясын(ларын) Иран Ислам Республикасының аумағында қабылдау және тіркеу осы инвестицияның (лардың) Иран Ислам Республикасының заңдары мен нормативтік актілеріне сәйкес мақұлданғанын

көрсететін, Иранның Экономикалық байланыстар және қаржы министрлігі, Инвестициялар, экономикалық және техникалық көмек жөніндегі ұйымы немесе олардың құқығын иеленушілері беретін ерекше құжатпен - "Қабылдан алу туралы сертификатпен" куәландырылуға тиісті "Қабылдан алу туралы сертификатта" инвестициялау соған сәйкес жүргізілетін ерекше шарттар көрсетілуі мүмкін. Иран Ислам Республикасында "Қабылдан алу туралы сертификат" беретін құзыретті өкімет

о р г а н ы :

Иранның Инвестициялар, экономикалық және техникалық көмек жөніндегі ұйымы болып табылады; оның мекен-жайы:

Иран, Тегеран, Хордад Сквейр, 15.

Алматыда 1996 жылғы 16 қаңтарда қазақ, парсы және ағылшын тілдерінде жасалды, барлық мәтіннің де күші бірдей және сәйкестігі дәлме-дәл. Пікір алшақтығы болған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтінге басымдық беріледі.

Қазақстан Республикасының

Иран Ислам Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

О қ ы ғ а н д а р :

К о б д а л и е в а Н .

Нарбаев Е.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК